

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАЙЫЛЫМДЫҚ ҚОҢЫ ЖӘНЕ ЕТТІ БАҒЫТТАҒЫ ҚОҢЫ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ДАМУ КЕЛЕШЕГІ

Кенжебаев Т.Е.*, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты

kterdesh@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-6634-4189>

Төреханов А.Ә., ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор

torehanov.aibyn@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-3237-3683>

Малмаков Н.Ы., ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы

nurlan_malmakov@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-5242-6658>

Мелдебекова Н.Ә., ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты

nurgul78mel@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-5539-7506>

Омашев Қ.Б., ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты

okairly@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-1140-7722>

Есжанова Э.Б., ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты

esel40@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-5195-0338>

*«Қазақ мал шаруашылығы және жеміш-өндірісі ғылыми-зерттеу институты» ЖШС,
Алматы қ, Қазақстан*

Андатпа. Мақалада еліміздің жер және жайылымдық қорлары, олардың, ерекшеліктері, сондай-ақ қой шаруашылығын қарқынды дамытуда осы баға жетпес байлықты, ғылыми негізде, пайдаланудың тиімді жолдары туралы мәліметтер берілген. Қазіргі таңдағы әлемдегі және қой шаруашылығы дамыған елдердегі саланың жай-күйіне, сондай-ақ оның етті бағытының даму деңгейіне талдау жасалынып, елімізде осы саланы дамыту үшін қажетті мәселелерге жеткілікті көңіл бөрудің маңыздылығы атап көрсетілген. Етті бағыттағы арнайы шетелдік қой тұқымдарына қысқаша сипаттама беріліп, ғылыми басылымдар мен отандық ғалымдардың ізденістерінің нәтижелеріне орай, елімізде қой шаруашылығының нарық сұранысына сай бағытын дамытудың жолдары көрсетілген.

Жүргізілген зерттеулер мәліметтері бойынша шетелдік селекция етті бағыттағы арнайы қой тұқымдары қошқарларын отандық қой тұқымдарының тауарлы топтарындағы саулықтарға пайдалану нәтижелерін салыстыра талдау, ғылыми-өндірістік жұмыстарды жүйелі жүргізу арқылы отандық генотиптердің ет өнімділігі мен сапасын елеулі деңгейде арттыруға мүмкіндік беретіндігі дәлелденген.

Бұдан еркек және ұрғашы қозылар салмақтарының, шығу тегіне байланысты, орташа тәуліктік салмақ өсімі туылғаннан 2,5 айға дейін, тиісінше, 323-369 және 306-344 г, ал таза тұқымды құйрықты қылшық жүнді тұастарында 304 және 277 г болса, бұл көрсеткіштер туылғаннан 4 айға дейін, тиісінше, 274-300 және 261-276; 270 және 242 г-ға сәйкес келді. Бұдан қозылардың 2,5 және 4 айда таза тұқымды тұастарынан салмақ көрсеткіштері бойынша басым болуы, сүт ему кезеңінде алғашқыларда гетерозис әсерінің байқалуымен түсіндіріледі.

Тірек сөздер: жайылым, қой шаруашылығы, селекция, етті қой тұқымы, ет өнімділігі, ет сапасы, тезжетілгіштік.


Кіріспе. Елімізде жайылымдық жерлердің мол қорының болуы мен көшпелі қой шаруашылығын дамыту технологиясының ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келуі саланы өркендетуге зор мүмкіндіктер береді. Әйтсе де, қой шаруашылығы өнімдеріне, бірінші кезекте, қозы етіне әлемдік нарықтағы сұраныспен қатар талаптың да үздіксіз артуы сала ғалымдары мен мамандарынан, өзгерістерге сай, әдіс-тәсілдерді игеру мен өндіріске кеңінен енгізуді талап етеді.

Қазақстанда ауыл шаруашылығы саласын, оның ішінде етті бағыттағы мал шаруашылығын дамытуда жер және жайылым қорларын тиімді пайдаланудың мәні ерекше екендігі ескеріліп, арнайы заңдар мен олардың орындалуын қамтамасыз етуге бағытталған бірқатар маңызды әдістемелік құжаттар қабылданды [1-4]. Осы құжаттардың лайықты деңгейде іске асырылып, ел экономикасын

дамытуға елеулі үлес қосуын қамтамасыз ету түрлі деңгейдегі мемлекеттік мекемелер мен салалық ғылыми институттардың жүйелі қызмет атқаруына тығыз байланысты.

Қазақстан жер қорының 84,1% (186,4 млн. га) жайылымдықтар алып жатыр. Олардың ішінде жақсартылған жайылымдар – 5,8 млн. га, сумен қамтылған жайылымдар – 106,1 млн. га. ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер – 72,4 млн. га, елді мекендер аумағындағы жерлер – 20,9 млн. га, қорықтардағы жерлер – 3,5 млн. га, орман қорындағы жерлер – 7,9 млн. га, қолданым-ға қосылмаған қор жерлері – 75,1 млн. га, басқа мемлекеттер уақытша пайдаланатын аймақтардағы жерлер – 5,6 млн. га., су қоры, жол, байланыс, т. б. қолданыстардағы жерлер – 0,8 млн. га [5].

Қазақстанның Жер кодексіне сәйкес, ел аумағында табиғат жағдайлары бойынша 10 аймақ ерекшеленеді: I) орманды дала; II) дала; III) қуаң дала; IV) шөлейт; V) шөл; VI) таубөктерлі-шөлді-дала; VII) субтропиктік шөл; VIII) субтропиктік-таубөктерлі-шөлді аймақ; IX) Орта-Азия таулы өңірлері; X) Оңтүстік-Сібір таулы өңірлері (1-сурет, 1-кесте).



1-сурет – Табиғат жағдайларына сай республика аумағын аймақтарға бөлу

1-кесте – Республика аймақтарының аудандары мен олардың үлесі

Аймақтар рет саны, түсі	Табиғи аймақтар	Ауданы, млн. га	%	Ауыл шаруашылығы алқаптары, % млн. га	%
I	орманды дала	0,8	0,3	0,5	0,2
II	дала	26,5	9,7	23,5	10,6
III	қуаң дала	62,4	22,9	54,7	24,7
IV	шөлейт	37,2	13,7	33,9	15,3
V	шөл	112,1	41,1	83,4	37,6
VI	таубөктерлі-шөлді-дала	12,3	4,5	10,2	4,6
VII	субтропиктік шөл	4,4	1,6	3,8	1,7
VIII	субтропиктік-таубөктерлі- шөлді аймақ	3,5	1,3	3,1	1,4
IX	Орта-Азия таулы аймағы	10,1	3,7	7,1	3,2
X	Оңтүстік-Сібір таулы аймағы	3,2	1,2	1,4	0,6
Республика бойынша барлығы		272,5	100	221,6	100

Аталған аймақтар жайылымдарындағы табиғат жағдайларының өзгешелігі әр түрлі өсімдіктер топтарының өсуіне және оларды маусым ауысуына сай, биоәртүрлілікті сақтай отырып,

мал жаюға тиімді де экологиялық тұрғыдан ұтымды пайдалануға мүмкіндік береді. Топырақ қыртысы мен жер бедерінің әртектілігі әр аймақта өзіне тән аймақтық түрлерден басқа микроаймақтық (мысалы, тоғайлы ормандар, шөл аймағындағы сексеуілдер) және аймаққа тән емес (барлық өңірлерде кездесетін шалғындар мен батпақтар) өсімдіктердің пайда болуын қамтамасыз етеді.

Бүгінгі таңда Қазақстанда қой шаруашылығын қарқынды дамыту екпе жайылымдарды құру, оларды электрлі желілер арқылы қоршауларға бөлу, сондай-ақ ұзақ мерзімді демалысты қысқа мерзімді мал жаюмен алмастыра қолдану жүйесін енгізуді талап етеді. Алайда, жоғарыда аталған ел аумағын аймақтарға бөлу екпе жайылымдар жасау мәселесін шешуде негіз болып табылады. Жайылымдарды жақсарту мақсатында дақылдарды таңдауда аймақтық (аймақшілік) өсімдіктер жамылғысы мен топырақ құрамын ескеру өте маңызды.

Орманды дала аймағы Солтүстік-Қазақстан облысы өңірінің солтүстік бөлігіндегі ауданы 0,8 млн. га, оның ішінде 0,5 млн. га ауылшаруашылық алқаптарын алып жатыр. Жайылымды жақсартуға ұсынылатын дақылдар: еркекшөп, эспарцет, қылтықсыз арпабас, көк-гибридті жоңышқа, беде, жима тарғақ, сынғыш жапырақшалы елекшөп, үйбидайық, бидайық, атқонақ, бетеге.

Дала аймағы Ақтөбе, Ақмола, Қостанай, Павлодар облыстарының солтүстік бөлігін, Солтүстік-Қазақстан облысының негізгі аумағын алып жатыр. Жалпы ауданы – 26,5 млн. га, оның ішінде ауылшаруашылық алқаптары 23,5 млн. га. құрайды. Жайылымды жақсартуға ұсынылатын дақылдар: еркекшөп, эспарцет, қылтықсыз арпабас, көк-гибридті жоңышқа, түйежоңышқа, сынғыш жапырақшалы елекшөп, шалғындық қоңырбас, бетеге.

Құрғақ дала аймағы Батыс-Қазақстан, Ақтөбе облыстарының солтүстігін, Қостанайдың орталық аумағын, Павлодар облысының жартысынан астамын, Ақмола облысының оңтүстік аудандарын, Абай облысының Семей қаласы төңірегі мен Шығыс-Қазақстанның тау бөктерлерін қамтиды. Бұл аймақ – 62,4 млн. га, оның ішінде 54,7 млн. га. ауылшаруашылық алқаптарын алып жатыр. Құрғақ дала аймағы жайылымдарын жақсартуға ұсынылатын дақылдар: еркекшөп, эспарцет, қылтықсыз арпабас, көк-гибридті жоңышқа, беде, жима тарғақ, сынғыш жапырақшалы елекшөп, үйбидайық, бидайық; атқонақ, бетеге.

Шөлейт аймақ Ақтөбе, Батыс-Қазақстан, Қарағанды және Қостанай облыстарының орталық өңірлерін, Абай облысы Семей төңірегінің басым бөлігін, Шығыс-Қазақстанның Зайсан көлі маңындағы жалпы ауданы 37,2 млн. га аймақты, оның ішінде 33,9 млн.га. ауылшаруашылық алқаптарды алып жатыр. Шөлейт аймақ жайылымдарын жақсартуға ұсынылатын дақылдар: еркекшөп, эспарцет, көк-гибридті жоңышқа, теріскен, изен, түйежоңышқа, сынғыш жапырақшалы елекшөп.

Шөлді аймақ Ақтөбе, Батыс- және Шығыс-Қазақстан, Қарағанды облыстарының оңтүстігі мен оңтүстік-батысын, Алматы, Жамбыл, Түркістан облыстарының солтүстігі, ал Атырау, Маңғыстау мен Қызылорда облыстарының басым бөлігін алып жатыр. Аймақ ауданы республика жер көлемінің 41,1% немесе 112,1 млн. га қамтиды. Мұнда еліміздің ауылшаруашылық жер қорының 37,6% немесе 83,4 млн. га орналасқан. Жайылымды жақсартуға ұсынылатын дақылдар: еркекшөп, теріскен, изен, сынғыш жапырақшалы елекшөп, лессинг қараматауы (камфоросма лессинга), шоған, күйреуік, сексеуіл.

Таулы-шөлді-дала аймағы Алматы, Жамбыл, Түркістан облыстарындағы тау бөктері өңірлерін, Қызылорда және Шығыс-Қазақстан облыстарының кейбір аумағын қамтитын, жалпы ауданы – 12,3 млн. га, оның ішінде 10,2 млн. га ауылшаруашылық алқаптарын алып жатыр. Таулы-шөлді-дала аймағы жайылымдарын жақсартуға ұсынылатын дақылдар: еркекшөп, эспарцет, қылтықсыз арпабас, көк-гибридті жоңышқа, жима тарғақ, сынғыш жапырақшалы елекшөп, түйежоңышқа, үйбидайық, бидайық, беде, бетеге.

Субтропикалық шөл аймағы жалпы ауданы 4,4 млн. га, оның ішінде ауылшаруашылық алқаптары 3,8 млн. га. алып жатқан, Түркістан облысының оңтүстік-батысы мен Маңғыстау облысының қиыр оңтүстігіндегі шағын аумақты қамтиды. Жайылымды жақсартуға ұсынылатын дақылдар: еркекшөп, эспарцет, қылтықсыз арпабас, көк-гибридті жоңышқа, жима тарғақ, сынғыш

жапырақшалы елекшөп, үйбидайық, бидайық, беде, бетеге.

Субтропиктік-тау бөктері-шөлді аймағы жалпы аумағы 3,5 млн. га., оның ішінде 3,1 млн. га ауылшаруашылық жерлеріне жататын, Түркістан облысындағы Тянь-Шань тауларының батысында орналасқан. Жайылымды жақсартуға ұсынылатын өсімдіктер: еркекшөп, эспарцет, қылтықсыз арпабас, көк-гибридті жоңышқа, жима тарғақ, сынғыш жапырақшалы елекшөп, үйбидайық, бидайық, бетеге.

Орталық Азия таулы аймағы Алматы, Жамбыл, Түркістан және Шығыс-Қазақстанның оңтүстік бөлігіндегі Тянь-Шань және Жоңғар Алатауы тау жоталарын қамтиды. Аймақтың жалпы, оның ішінде ауылшаруашылық алқаптарының ауданы, тиісінше, 10,1 және 7,1 млн. га. құрайды. Жайылымды жақсартуға ұсынылатын дақылдар: еркекшөп, эспарцет, қылтықсыз арпабас, көк-гибридті жоңышқа, беде, жима тарғақ, сынғыш жапырақшалы елекшөп, үйбидайық, бидайық, атқонақ, бетеге.

Оңтүстік-Сібір таулы аймағы Шығыс-Қазақстан облысындағы Алтай тауларының ауданы 3,2 млн. га, оның ішінде 1,4 млн. га ауылшаруашылық алқаптарын алып жатыр. Аймақ жайылымдарын жақсартуға ұсынылатын дақылдар: еркекшөп, эспарцет, қылтықсыз арпабас, көк-гибридті жоңышқа, беде, жима тарғақ, сынғыш жапырақшалы елекшөп, үйбидайық, бидайық, атқонақ, бетеге.

Түркістан, Жамбыл, Алматы және Қызылорда облыстарының аумағын қамтитын таулы-шөлді-дала, субтропиктік шөлді және субтропиктік-таулы-шөлді аймақтардың жалпы ауданы 20,2 млн. гектардан асатын ауыл шаруашылығы алқаптарын, австралиялық технология бойынша қой шаруашылығын дамытуға пайдалану мүмкіндігі жоғары. Бұл аймақтарда табиғат-ауа райы жағдайлары жайылымдарды жақсарту және екпе жайылымдарды қолға алу арқылы қойларды жыл бойы жайылымдарда ұстауға мүмкіндік береді.

Әлемдік қой шаруашылығы даму барысын талдау соңғы онжылдықта осы сала өркендеген елдерде, атап айтқанда, Еуроодақ елдері мен Ресей Федерациясында қозы еті өндірісін арттырудың ұлттық бағдарламалары әзірленіп, етті бағыттағы қой шаруашылығына айрықша көңіл бөлініп отырғандығын көрсетеді. Әлемнің көптеген елдерінде, қазіргі таңда сала өнімі жалпы құнының 90-95 % құрайтын, қозы еті өндірісін арттыру басты назарға алынып, ет өнімділігі мен тезжетілгіштік қасиеттері жоғары тұқымдар өсірілуде.

Қой еті өндірісі бойынша әлемдік көшбасшы – Қытай елі. Статистикалық мәліметтерге сәйкес, бұл елде қой саны 140 миллионнан асады және әлемдегі қой еті қорының 25% осы елге тиесілі. Бұл елде етті және жіңішке биязы жүнді өнімділік бағыттардағы қойларды өсіруге басымдық беріледі. Қытайда қойларды бағу, асылдандыру тәсілдерін жетілдіруге, жаңа технологияларды енгізуге, еңбек өнімділігін арттыруға және малды ұстау шығындарын азайтуға баса көңіл аударылуда.

Қой саны 90 миллионға жуық, екінші орындағы Австралияда бір тұрғынға шамамен бес қой келеді. Бұл мемлекет әлемдік нарықтағы биязы жүннің 50%-дан, қой терісінің 30% астамын өндіреді. Мал басының негізін етті-жүнді және жүнді бағыттағы қой тұқымдары құрайды. Қой саны 50 миллионнан астам Жаңа Зеландия көшбасшылардың үштігіне кіреді. Қой шаруашылығы – елдегі негізгі өндіріс саласы. Саланың басты бағыты – ет және жүн өндірісі.

Қой етін өндіру көлемі бойынша Ұлыбритания, Иран мен Түркия бір деңгейде. Әлемдік қой тұқымдары тектік қорына зор үлес қосқан Ұлыбританияда қой саны 30 миллионнан асады. Мұнда қой шаруашылығына бизнес пен мемлекет тарапынан үнемі назар аударылады. Негізгі бағыт – тезжетілгіш етті-биязылау жүнді қойлардан қозы етін өндіру және асыл тұқымды материалды сату.

Азия және Африка елдерінде, оның ішінде қозы етіне сұраныс жоғары, Орталық Азия мен Қазақстанда қой түлігінің негізгі бөлігін етті-майлы өнімділік бағыттағы қылшық жүнді құйрықты қой тұқымдары құрайды. Бұл осы тұқымдар төлдерінің тезжетілгіштігі, сонымен бірге басқа мал түрлері, сондай-ақ басқа өнімділік бағыттардағы қой тұқымдарына қарағанда, қылшық жүнді құйрықты қойлардың шөл, шөлейт аймақтардың жұтаң жайылымдарына тамаша бейімделгендігімен түсіндіріледі.

Қой шаруашылығы өнімдерін ірі көлемде сыртқы нарыққа шығарушы елдерден басқа, осы сала өркендеген елдер қатарына, әрқайсысында шамамен 30 миллион қой өсірілетін Үндістан, Судан, Оңтүстік Африка жатады. Бразилия, Орталық және Батыс-Азия елдерінде, Батыс Еуропа мен Ресей Федерациясында да қой өсіруге үлкен көңіл бөлінеді.

Еуропа, Азия және Австралия елдері жан басына шаққандағы қой еті өндірісінің көлемі бойынша айтарлықтай ерекшеленеді. Бұл көрсеткіш бойынша көшбасшы – Жаңа Зеландия, екінші орында – Австралия. Қытай айтарлықтай ет өндірісе де, халқының көптігіне орай, тіпті алғашқы жиырма ел қатарына да ене алмайды. Әлемдік деңгейдегі қой еті өндірісі Африка мен Азия елдерінде мал санының қарқынды артуы есебінен өсуде, ал Еуропа, Америка, Мұхит елдері мен Ресейде бұл көрсеткіш біршама төмендеуде.

Мал шаруашылығы дамыған елдерде (АҚШ, Ұлыбритания, Германия, Жаңа Зеландия, Австралия және т.б.) қой шаруашылығы өнімін өндіру үшін мамандандырылған тұқымдар мен мәдени жайылымдық қорлар барынша кеңінен пайдаланылады.

Қой шаруашылығын дамытудағы жаһандық және өңірлік деңгейлердегі замануи үрдіс барлық мүмкіндіктерді тиімді пайдаланып, қозы еті өндірісін өркендетуге бағытталған. Халық тығыз қоныстанған және жер құны жоғары батыс елдерінде мал шаруашылығы үлкен көлемдегі қаржыны инвестициялау арқылы жедел дамуда. Қымбат та қарқынды технологияларды қолдану қойдың тектік қорын үздіксіз жақсартуды талап етеді. Осыған орай, Австралия, Жаңа Зеландия, Ұлыбритания және басқа да осы сала дамыған елдерде қос өнімділік бағыттағы (етті-жүнді және жүнді-етті) тұқымдарды өсіруге ерекше басымдық берілуде.

Қой өсіру шығындарын азайтуға мүмкіндік беретін технологияларды игеру мен генотиптерді шығару мәселелерінің өзектілігіне орай, Еуропа, АҚШ, Австралия мен Африка елдерінде қолайсыз табиғат жағдайларына бейімделушілік қасиеттері жоғары, суық маусымда жүн жабындысы қарқынды өсіп, ыстық кезде түлейтін тұқымдарды шығару мен өсіруге үлкен мән берілуде. Қансорғыш паразиттерге төзімді мұндай тұқымдар еңбек шығыны үлкен, қыркымды қажет етпейтіндігімен ерекшеленеді. Басқа қой тұқымдарында жүн жабынының қалыптасуына мал азығы қуаты көп мөлшерде жұмсалса, түлейтін тұқым қойларында бұл қуат ет-сүт өнімдерінің түзілуіне бағытталады. Мұндай тұқымдарға келесілер жатады: Англияның уилтшир мүйізді қойы, Оңтүстік Африка Республикасының дорпер қойы, Австралияның ақ қойы, АҚШ-та шығарылған катахдин және корольдің ақ қойы. Аталған тұқымдарға ортақ белгі – оларда құйрықтың болмауы, май ұлпаларының ұша бөліктеріндегі еттерге біркелкі таралуы. Бұл тұқымдардың технология мен табиғат жағдайларына бейімделгіштік, тезжетілгіштік және төлшендік қасиеттері мен аналық инстинкттері жоғары. Қозылары 35-40 кг салмаққа 3,5-4 айда жетеді. Саулықтарын жылдың түрлі маусымдарында күйекке түсіруге болатындықтан, аталған тұқымдар бойынша қой ұрықтандыру және туыт жұмыстарын жоспарлы түрде жүргізуге болады. Ғылыми негізделген азықтандыру және бағу жағдайында қойларды 2 жылда 3 рет төлдету мүмкіндігі жоғары. Әдетте, аталған тұқымдар саулықтарының төлшендігі – 150%, ерекше күтім жасалса – 180%, экстенсивті жағдайда – 100%.

Уилтшир тұқымынан басқалары, саулықтары ғана емес, қошқарлары да мүйізсіз. Түлейтін тұқым қойлары терілерінің қалыңдығы мен оларда мүйіздің болмауы технологиялық үдерістер кезінде малдың жарақаттануын азайтып, жем-шөп қуатының өнімге тиімді конверсиялануын қамтамасыз етеді. Биязы жүнді қой тұқымдарын өсіру бойынша әлемде бірінші орындағы Австралия мемлекетінің өзінде түлейтін тұқымдарды тазақанды өсіру мен будандастыру жұмыстарында қарқынды пайдалануға зор мән беріледі. Мысалға, Иян Гильмордың “Баринга” тұқыммал шаруашылығында келесідей тұқымдар өсіріледі: ақ суффольк тұқымының 400 саулығы мен 10 қошқары, суффольк тұқымының, тиісінше – 30 және 2, австралияның ақ қойының – 300 және 6, бордер-лейстер тұқымының – 300 және 5 бас. Аталған тұқымдар тоқтылары 12 айда, орта есеппен, 70 кг тірілей салмақпен күйекке түсіріледі.

Шаруашылықтағы австралияның ақ қойы – жыл бойы, ақ суффольк қойлары – қаңтар-сәуірде, бордер-лейстер және суффольк тұқымдары наурыз-сәуір айларында жұптастырылады. Мал қашырымы маусымында, 6 апта бойы қой тобына қошқар жіберілген соң, саулықтардың

буаздылығы тексеріледі.

Қойлар, үйбидайық пен беде қоспасы егіліп, гектары жылына 100 кг шамасындағы суперфосфатпен тыңайтылып, жақсартылатын екпе жайылымдарда жыл бойы бағылады. Шаруашылықтағы 500 га жайылымның жыл сайын 80-85 га бөлігі жақсартылып отырады.

Төлді енелерінен ажырату, 3 айда, кейбір еркек қозылардың салмағы 50 кг-нан асқанда жүргізіледі. Осы кезде өсімге қалдырылатын қозылар келесідей шаруашылық-пайдалы белгілерді бағалау арқылы іріктеледі: тұқымдық тип, аяқ, шоқтық, жамбас еттерінің толықтығы, қабырға ұзындығы, кеуде көлемі, ұша көрсеткіштері. Қозылар енелерінен бөлінгеннен кейін, жайылымға қосымша, таңертең және кешке тәулігіне әр басқа орта есеппен 200 г мөлшерінде, құрамында 16,5% ақуыз бар жем қоспасымен азықтандырылады.

Қозы еті өндірісін арттыру ісінде төлшендік, сүттілік қасиеттері жоғары қой тұқымдарын өсіру мен асылдандыруды жүйелі жүргізудің маңызы зор. Қазіргі таңда қой сүті мен одан дайындалатын өнімдер – ұнтақталған сүт, ірімшіктердің арнаулы сорттары, иогурттар тағы басқаларға әлемдік нарықта сұраныстың тұрақты артып отырғандығы осы бағыттағы ғылыми-өндірістік ізденістерге лайықты мән беруді қажет етеді.

Әлемге кеңінен таралған, сүтті-етті бағыттағы, дене бітімі ірі тұқымға Голландияда 19-ғасырда шығарылған, ост-фриз жатады [6]. Бұл тұқымның әр саулығы жылына 600-700 л. сүт, 2-2,3 қозы және 4-5 кг биязылау жүн береді. Ост-фриз қойларының, тәуліктік сүттілігі – 8-9 кг-ға, оның майлылығы 7%-ға жетеді. Саулықтары – 70-80 кг, қошқарлары 85-110 кг дейін салмақ тартады. Тұқым тезжетілгіштігімен ерекшеленеді, 7-8-айлық төл 45-60 кг тартып, тоқтылар 7-9 айда ұрықтандырылады. Саулықтардың төлшендігі – 170-210 %. Қойлардың орташа жүн түсімі – 4-5 кг, жуылған жүн шығымы – 70 %, жүн ұзындығы – 12-16 см, жіңішкелі – 28-37 мкм.

Кең таралған сүтті тұқымның бірі – Францияда шығарылған лакон тұқымы [7]. Қошқарлары – 80-100, саулықтары 55-60 кг салмақ тартады. Саулықтарының маусымдық орташа сүттілігі – 280-350 л, төлшендігі 130 % құрайды. Қозылары 3-4 айда 30-40 кг салмақ тартады. Тұқым тезжетілгіштігімен ерекшеленетіндіктен 7-10-айда тоқтылардың 60%-дан астамын ұрықтандыруға болады. Сүт рокфор, пекорино, фета, тағы басқа бағалы ірімшіктерді дайындауға пайдаланылады. Аталған сүтті тұқымдар генотиптерін елімізге әкелу, жерсіндіру және өсіруді жүйелі жүргізу, жаңа бағыт – сүтті қой шаруашылығын дамытып, қозы еті өндірісін де арттыруға серпін берері талассыз.

Қазіргі уақытта елімізде қой түлігінің орташа өнімділігі төмен деңгейде қалып отыр. Статистикалық деректер бойынша, соңғы жылдарда етке тапсырылған қойлардың орташа тірідей салмағы – 34-38 кг, жүн түсімі – 2,2-2,5 кг. Көрсеткіштер асыл тұқымды қойлар стандарттарынан 1,5 есе төмен. Басты себеп – мал азықтандыру-бағу технологиялары мен асылдандыру жұмыстары деңгейінің төмендігі.

Еліміз қой шаруашылығын дамыту арқылы халықты сапалы өнімдермен қамтып ғана қоймай, сыртқы нарыққа үлкен көлемде өнім шығаруға әлеуетті. Қозы етіне әлемдік нарықтағы үлкен сұранысты ескеріп, отандық тұқымдардан етті меринос, қазақтың етті тезжетілгіш биязылау жүнді қойы, әлемге кең таралған тұқымдардан суффольк, дорпер, тексель, гемпшир, дойчмеринофляйшшаф тұқымдарының отандық репродукторларын құру, осы тұқымдар тектік қорын тауарлы бағыттағы қой топтарына қарқынды пайдалану қозы еті өндірісін арттырып, ет сапасын жақсартуды қамтамасыз етеді. Аталған етті, етті-жүнді бағыттағы тұқымдардың тазақанды және будан қойлары мен төлдері бұлшықет пен май ұлпаларының ұтымды арақатынасы және күйрықтың болмауымен ерекшеленеді. Осы тұқымдар қойлары мен олардың будандарындағы ет-май ұлпаларының ұтымды арақатынасы еттің бағалы биологиялық (тағамдық) құндылығын қалыптастырады. Сонымен бірге етті тұқымдар сойыс өнімділігі мен еттілік коэффициентінің жоғары сандық және сапалық көрсеткіштерімен сипатталады.

Өнімділік бағыттары түрліше шетелдік және отандық тұқымдар мен олардың будандарының шаруашылық-пайдалы қасиеттері ғалымдар ізденістерінде [8-15], жаппай қабылданған әдістемеліктерге сай [16-18] зерттеліп, жергілікті тұқымдарды жетілдіру әдістері ұсынылды. Қ.Ұ. Медеубеков атындағы Қой шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының ғылыми-өндірістік

жұмыстарында етті бағыттағы дорпер, етті-жүнді бағыттағы гемпшир, етті-майлы бағыттағы гиссар тұқымы қазақтың құйрықты қылшық жүнді қойы тұқымымен будандастырылып, алынған будандар туылғаннан 4 айға дейін өсіп-жетілу ерекшеліктері бойынша тазақанды тұстастарымен салыстырыла зерттелді. Тегіне байланысты еркек және ұрғашы будан қозылардың орташа тәуліктік салмақ өсімі туылғаннан 2,5 айға дейін, тиісінше, 323-369 және 306-344 г, ал тазақанды тұстастарында 304-277 г болса, бұл көрсеткіштер туылғаннан 4 айға дейін 274-300 және 261-270, сондай-ақ 270-242 г-ға сәйкес келді (2-кесте).

2-кесте – Будан және тазатұқымды қозылардың туылғаннан 4 айға дейінгі өсу қарқыны

Қозылардың тегі	Жынысы	n	Салмақ, кг			Орташа тәуліктік салмақ өсімі, г	
			туылғанда	2,5 айда	4 айда	туылғаннан 2,5 айға дейін	туылғаннан 4 айға дейін
ДП х ҚҚҚжҚ	еркек	24	5,2±0,14	29,4±0,34	38,1±0,30	323	274
	ұрғашы	27	4,8±0,12	27,8±0,24	36,2±0,40	306	261
Г х ҚҚҚжҚ	еркек	84	5,1±0,10	30,9±0,32	39,4±0,44	369	285
	ұрғашы	86	4,7±0,08	27,4±0,28	36,2±0,40	344	262
Гс х ҚҚҚжҚ	еркек	80	5,6±0,12	33,0±0,32	41,6±0,46	365	300
	ұрғашы	82	5,1±0,10	29,7±0,24	38,3±0,40	328	276
Тазатұқымды ҚҚҚжҚ	еркек	60	4,7±0,10	27,5±0,22	37,1±0,30	304	270
	ұрғашы	62	4,5±0,08	25,3±0,24	33,5±0,26	277	242

Қысқартулар: ДП – дорпер; Г – гемпшир; Гс – гиссар; ҚҚҚжҚ – қазақтың құйрықты қылшық жүнді қойы.

Будан қозылардың 2,5 және 4 айда тазақанды тұстастарынан салмақ көрсеткіштері бойынша басым болуы, сүт ему кезеңінде алғашқыларда гетерозис әсерінің байқалуымен түсіндіріледі. Төрт айлық, шығу тегі түрліше будан және тазақанды қозылардың сойыс өнімдері салмағы мен сапасын салыстыра бағалау үшін осы топтар қозыларын бақылай сою жұмыстары жүргізілді. Сояр алдындағы будан қозылардың тірілей салмағы 39,5; 39,2 және 40,8 кг болса, бұл көрсеткіш тазақанды тұстастарында 36,7 кг-ға сәйкес келді (3-кесте).

3-кесте – 4 айлық будан және тазатұқымды қозыларды бақылай сою нәтижелері

Көрсеткіш	Қозылардың тегі			
	ДП х ҚҚҚжҚ	Г х ҚҚҚжҚ	Гс х ҚҚҚжҚ	Тазатұқымды ҚҚҚжҚ
Сояр алдындағы салмақ, кг	39,5	39,2	40,8	36,7
Салқындалатын ұша салмағы, кг	19,8	19,3	21,2	17,8
Ұша шығымы, %	50,1	49,2	51,9	48,5
Ет-май ұлпаларының салмағы, кг	16,0	15,7	16,7	13,6
Ет-май ұлпаларының шығымы, %	80,8	81,3	78,7	79,8
Қаңқа сүйектерінің салмағы, кг	3,8	3,6	4,5	4,2
Қаңқа сүйектерінің шығымы, %	19,2	18,7	21,2	20,2
Еттілік коэффициенті	4,21	4,15	4,09	3,69

Ұша салмағы бойынша дорпер, гемпшир, гиссар будандары, тазақанды тұстастарынан 11,24; 8,43 және 19,1% - ға басым болды. Дорпер және гемпшир тұқымдары будан қозыларының

тазақанды тұстастарынан сойыс шығымы, ұшалардағы ет-май ұлпаларының мөлшері бойынша басым болуынан, олардың еттілік коэффициентінің 4,21 және 4,36, ал сәйкес көрсеткіш кейінгілерде 3,9-ға тең болды. Дорпер және гемпшир тұқымдары будан қозыларының тазақанды тұстастарынан еттілік коэффициенті бойынша басымдығы 7,9-11,8%-ға сәйкес келді.

Гиссар тұқымының будан қозыларында қаңқа сүйегі (4,5 кг) мен оның үлес салмағының (21,2%) жоғары болуы, тазақанды ҚҚҚжҚ тұстастарымен салыстырғанда, алғашқыларда еттілік коэффициентінің (3,71) айтарлықтай төмен (4,87 %) болуына әкеліп соқты.

Ғылыми-өндірістік тәжірибеден алынған мәліметтер нәтижесі қазақтың құйрықты қылшық жүнді қойы тұқымының саулықтарын дорпер, гемпшир тұқымдары қошқарларымен жұптастыру, жергілікті тазақанды тұстастарымен салыстырғанда, еттілік, тезжетілгіштік қасиеттері жоғары, будан төл алуды қамтамасыз ететіндігін көрсетеді. Гиссар тұқымы қошқарларының будан қозыларында тірідей және ұша салмағы көрсеткіштері артқанымен, қаңқа сүйегі шығымының жоғары болуынан, еттілік коэффициентінің елеулі мөлшерде төмендегендігі байқалды.

Ауа райы қатал аймақтарда мал жыл бойы өнімділігі төмен жайылымдарда бағылған жағдайда, жергілікті қойларды жылы өңірлерге бейімделген, гиссар т.б. тұқымдармен будандастырулар жақсы нәтижелер бермейтіндігін ескеру өте маңызды. Будан және жергілікті тазақанды қозыларды жайылымға қосымша тәулігіне 100-300 г құрама жеммен, үстеп (қосымша) қоректендіру, ет өнімділігінің көлемі мен сапасын жоғарылатып, қозы еті өндірісінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Қорыға айтқанда, биологиялық-өнімділік қасиеттерінің ұтымды үйлесуін ескеріп, етті бағыттағы арнайы қой тұқымдары қошқарларын тауарлы бағыттағы жергілікті саулықтармен жұптастыру, алынған төлдерді жайылымда бағып қондандыру мен бордақылауды ғылыми негізде жүргізу, нарық сұранысына сай, сапалы қозы етін өндіруде гетерозис әсерін тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Әлемдік қой шаруашылығының даму бағытын талдау, сыртқы нарықтағы сұранысқа сай, қозы етін экспортқа тұрақты шығарудың ел экономикасы үшін өте маңыздылығын көрсетеді. Осыған орай, отандық қой шаруашылығын өркендетуде келесідей мәселелерді жүйелі шешілу өте маңызды:

- жергілікті қылшық жүнді құйрықты қойлардың ет өнімділігі, тезжетілгіштігі мен төлшендігін арттырып, әр түрлі маусымдарда күйекке келу қасиеттерін қалыптастырып, қозы етін үздіксіз өндіруді жолға қою мақсатында австралияның келесідей тұқымдарының 1000 бас асыл тұқымды қошқарлары мен тоқтыларын әкелу арқылы шетелдік селекцияның тезжетілгіш, етті тұқымдарының отандық репродукторын құру: австралияның ақ қойы тұқымы – 300 тоқты, 34 қошқар; ақ суффолк – 300 тоқты, 33 қошқар; ақ дорпер – 300 тоқты, 33 қошқар;

- қой өсірілетін негізгі аймақтарда мал басының өнімділігін тиімді жақсарту үшін тазақанды өсіру мен будандастыруларда ұтымды қолдану мақсатында отандық тұқымдардың репродукторлық шаруашылықтарын құру. Бұл ретте, бірінші кезекте еділбай, қазақтың биязы жүнді қойы, қазақ арқармериносы, етті меринос, қазақтың етті тезжетілгіш биязылау жүнді қойы тұқымдарының репродукторлық шаруашылықтарын құру отандық тектік қорды сақтап қалу мен нәтижелі жетілдіруге мүмкіндік береді;

- еліміздің түрлі аймақтарының табиғи ерекшеліктерін ұтымды пайдаланып, ірі көлемде қозы етін өндіру және сыртқы нарыққа кезеңдер бойынша жүйелі шығаруды жолға қою мақсатында, технологиялық іс-шаралардың өңірлік үйлестірушілерін қалыптастырып, қозы етін өндірушілер мен экспорттаушылардың консорциумын құру. Осыған орай, нақты өңірлерде қой ұрықтандыру, төлдету, қозыларды жайылымда қондандыру мен бордақылаудың оңтайлы мерзімдерін тиімді пайдалану аса маңызды. Қойды қорада бағу кезеңі 6 айға дейін созылатын солтүстікте саулықтарды – қыста және көктемде, оңтүстікте – ерте көктемде және күзде, өзге өңірлерде, тәжірибеде қолданылып жүргендей, көктемге қосымша күзде, төлдетуді жүйелі жүргізу арқылы жылдың барлық маусымдарында қозы етін өндіру мен сыртқы нарыққа шығаруды, сондай-ақ саулықтарды қарқынды пайдалануды қамтамасыз етуге болады. Аналықтарды қарқынды пайдалану қой басын жылына 1,0-1,6 млн. басқа (5-8,0%) дейін көбейтіп, 2030 жылға 30,0 млн. жеткізуге мүмкіндік береді.

Қой санын 30,0 млн. бастан асыру үшін Қазақ мал шаруашылығы және жем-шөп өндірісі ғылыми-зерттеу институты ғалымдарының, жоғарыда келтірілген ұсыныстарына сәйкес, ел аймақтарының жайылымдық алқаптарын жақсартуға күш салу қажет.

Қаржыландыру. Жұмыс 2023-2025 жылдары BR 21882201: «Селекция, генетика және биотехнология жетістіктері негізінде етті-майлы бағыттағы қойлардың төлшендігі мен ет өнімділігін арттыру» тақырыбындағы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаларды бағдарламалық-мақсатты қаржыландыру аясында орындалды.

Әдебиеттер:

[1] Земельный кодекс Республики Казахстан, утвержденный Указом Президента РК № 442 от 20 июня 2003 г. URL: <https://online.zakon.kz>. (дата обращения 20.05.2024).

[2] Закон Республики Казахстан «О пастбищах» от 20 февраля 2017 года № 47-VI ЗРК // URL: www.kodeksy-kz.com/ka/o_pastbiwah.htm. (дата обращения 20.05.2024).

[3] Об утверждении предельно допустимой нормы нагрузки на общую площадь пастбищ. Приказ Министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 14 апреля 2015 года № 3-3/332 URL: <https://online.zakon.kz>. (дата обращения 20.05.2024).

[4] Об утверждении Правил рационального использования пастбищ. Приказ Заместителя Премьер-Министра – Министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 24 апреля 2017 года № 173 URL: <https://www.zakon.kz/4859161-utverzhdenny-pravila-racionalnogo.html>. (дата обращения 20.05.2024).

[5] Сводный аналитический отчет о состоянии и использовании земель Республики Казахстан за 2018 год. Агентство Республики Казахстан по управлению земельными ресурсами – Астана, 2019. – 14 с.

[6] URL: <https://bigenc.ru/c/vostochnofrizskaia-poroda-ovets-7a69c7>. (дата обращения 20.05.2024).

[7] URL: <https://dachamechty.ru/ovtsy/lakon.html>. (дата обращения 20.05.2024).

[8] **Мүканова, Л.Б.,** Садықұлов Т., Адылканова Ш.Р., Малмаков Н.И. Әртүрлі генотипті құйрықты қозылардың өсіп-дамуы және ет өнімділігі. Ізденістер, нәтижелер – Исследования, результаты 2023. – №2 (98). – С.60-68. <https://doi.org/10.37884/2-2023/06>.

[9] **Оракбаева, А.Д.,** Адылканова Ш.Р., Садыкулов Т.С., Сансызбаева Б.К. Формирование мясной продуктивности ягнят сарыаркинской курдючной породы овец (внутрипородный жанааркинский тип). – Ізденістер, нәтижелер – Исследования, результаты, 2023. – №4 (100). – С.20-27. <https://doi.org/10.37884/4-2023/03>.

[10] **Мүканова, Л.Б.,** Садықұлов Т., Адылканова Ш.Р., Юлдашбаев Ю.А. Еділбай және гиссар құйрықты қой тұқымдарынан алынған ұрпақтардың негізгі селекциялық белгілерінің фенотиптік өзгергіштігі. - Ізденістер, нәтижелер – Исследования, результаты, 2023. – №4 (100). – С.27-35. <https://doi.org/10.37884/4-2023/04>.

[11] Заключительный отчет НИР Рег. № 0118РК01288: “Разработка эффективных методов селекции по отраслям животноводства” – С.26-55.

[12] **Ерохин, А.И.** Интенсификация производства и повышение качества мяса овец/ Ерохин А.И., Карасев Е.А., Ерохин С.А., // Монография. Москва, 2015. – 303 с.

[13] **Traisov, B.B.,** Smagulov D.B., Yuldashbaev Y.A., Esengaliev K.G. Meat productivity of crossbred rams after fattening. Journal of Pharmaceutical Sciences and Research. 9(5). 2017. – p.574-577.

[14] **Traisov, B.B.,** Yuldashbaev. Y.A., Sultanova, A.K., Esengaliev, K.G., Kazybayevna, B.A. Growth and development of lambs of the Akzhaik sheep depending on selection. Biology and Medicine. 7(2). 2015. BM-074-15.

[15] **Traisov, B.B.,** Yuldashbaev Y.A., Sultanova A.K., Esengaliev K.G. Meat productivity and characteristics of carcasses of young animals born from different selection options of akzhaik meat-wool sheep. Biosciences Biotechnology Research Asia. 11(3). 2014. – P.1431-1437.

[16] Методика оценки мясной продуктивности овец. – М.: ВИЖ, Дубровицы, 1970. – 50 с.

[17] Методика выращивания племенного молодняка. – С.: ВНИИОК, Ставрополь, 1980. – 35

с.

[18] Приказ Министра сельского хозяйства Республики Казахстан. Об утверждении инструкций по бонитировке сельскохозяйственных животных и стандарта пород: № 3-3/157, 14.10.2014 г.

References

- [1] Zemel'nyj kodeks Respubliki Kazakhstan, utverzhdjonnyj Ukazom Prezidenta RK № 442 ot 20 ijunya 2003 g. URL: <https://online.zakon.kz>. (data obrashhenija 20.05.2024). [in Russian]
- [2] Zakon Respubliki Kazakhstan «O pastbishhah» ot 20 fevralja 2017 goda № 47-VI 3RK //www.kodeksy-kz.com/ka/o_pastbiwah.htm. (data obrashhenija 20.05.2024). [in Russian]
- [3] Ob utverzhenii predel'no dopustimoj normy nagruzki na obshhuju ploshhad' pastbishh. Prikaz Ministra sel'skogo hozjajstva Respubliki Kazakhstan ot 14 aprelja 2015 goda № 3-3/332 URL: <https://online.zakon.kz>. (data obrashhenija 20.05.2024). [in Russian]
- [4] Ob utverzhenii Pravil racional'nogo ispol'zovanija pastbishh. Prikaz Zamestitelja Prem'er-Ministra – Ministra sel'skogo hozjajstva Respubliki Kazakhstan ot 24 aprelja 2017 goda № 173 URL: <https://www.zakon.kz/4859161-utverzhdeny-pravila-racionalnogo.html>. (data obrashhenija 20.05.2024). [in Russian]
- [5] Svodnyj analiticheskij otchet o sostojanii i ispol'zovanii zemel' Respubliki Kazakhstan za 2018 god. Agentstvo Respubliki Kazakhstan po upravleniju zemel'nymi resursami – Astana, 2019. – 14 s. [in Russian]
- [6] URL: <https://bigenc.ru/c/vostochnofrizskaia-poroda-ovets-7a69c7>. (data obrashhenija 20.05.2024).
- [7] URL: <https://dachamechty.ru/ovtsy/lakon.html>. (data obrashhenija 20.05.2024).
- [8] **Mukanova, L.B.**, Sadyqulov T., Adylkanova Sh.R., Malmakov N.I. Artyrli genotipti qujryqty qozylardyn osip-damuy zhəne et onimdiligi. Izdenister, natizheler – Issledovaniya, rezul'taty, 2023. – №2 (98). – S.60-68. <https://doi.org/10.37884/2-2023/06> [in Kazakh]
- [9] **Orakbaeva, A.D.**, Adylkanova Sh.R., Sadykulov T.S., Sansyzbaeva B.K. Formirovanie mjasnoj produktivnosti jagnjat saryarkinskoj kurdjuchnoj porody ovec (vnutripородnyj zhanaarkinskij tip). – Izdenister, natizheler – Issledovaniya, rezul'taty, 2023. – №4 (100). – S.20-27. <https://doi.org/10.37884/4-2023/03> [in Russian]
- [10] **Mukanova, L.B.**, Sadyqulov T., Adylkanova Sh.R., Juldashbaev Ju.A. Edilbaj zhəne gissar qujryqty qoj tuqymdarynan alynған urpaqtardyn negizgi selekcijalyq belgilerinin fenotiptik özgerishtigi. – Izdenister, natizheler – Issledovaniya, rezul'taty, 2023. – №4 (100). – S.27-35. <https://doi.org/10.37884/4-2023/04> [in Russian]
- [11] Zakljuchitel'nyj otchet NIR Reg. № 0118RK01288: “Razrabotka jeffektivnyh metodov selekcii po otrasljam zhivotnovodstva” – S.26-55. [in Russian]
- [12] **Erohin, A.I.** Intensifikacija proizvodstva i povyshenie kachestva mjasa ovec/ Erohin A.I., Karasev E.A., Erohin S.A., // Monografija. Moskva, 2015. – 303 s. [in Russian]
- [13] **Traisov, B.B.**, Smagulov D.B., Yuldashbaev Y.A., Esengaliev K.G. Meat productivity of crossbred rams after fattening. Journal of Pharmaceutical Sciences and Research. 9(5). 2017. – p.574-577. [in Russian]
- [14] **Traisov, B.B.**, Yuldashbaev Y.A., Sultanova A.K., Esengaliev K.G., Kazybayevna B.A. Growth and development of lambs of the Akzhaik sheep depending on selection. Biology and Medicine. 7(2). 2015. BM-074-15. [in Russian]
- [15] **Traisov, B.B.**, Yuldashbaev Y.A., Sultanova A.K., Esengaliev K.G. Meat productivity and characteristics of carcasses of young animals born from different selection options of akzhaik meat-wool sheep. Biosciences Biotechnology Research Asia. 11(3), 2014. – P.1431-1437. [in Russian]
- [16] Metodika ocenki mjasnoj produktivnosti ovec. – M.: VIZh, Dubrovicy, 1970. – 50 s. [in Russian]
- [17] Metodika vyrashhivaniya plemennogo molodnjaka. – S.: VNIIOK, Stavropol', 1980. – 35 s. [in Russian]
- [18] Prikaz Ministra sel'skogo hozjajstva Respubliki Kazakhstan. Ob utverzhenii instrukcij po bonitirovke sel'skohozjajstvennyh zhivotnyh i standarta porod: № 3-3/157, 14.10.2014 g. [in Russian]

ПАСТБИЩНЫЕ РЕСУРСЫ КАЗАХСТАНА И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ ОВЦЕВОДСТВА МЯСНОГО НАПРАВЛЕНИЯ

Кенжебаев Т.Е.*, кандидат сельскохозяйственных наук
Тореханов А. А., доктор сельскохозяйственных наук, профессор
Малмаков Н. И., доктор сельскохозяйственных наук
Мелдебекова Н.Ә., кандидат сельскохозяйственных наук
Омашев К.Б., кандидат сельскохозяйственных наук
Есжанова Э.Б., кандидат сельскохозяйственных наук

*ТОО «Казахский научно-исследовательский институт животноводства и кормопроизводства»,
г. Алматы, Казахстан*

Аннотация. В статье представлены сведения о земельных и пастбищных ресурсах Казахстана, их зональных особенностях в соответствии с природными условиями, а также об эффективных способах использования данного бесценного богатства для динамичного развития овцеводства.

Проведен анализ состояния современного мирового овцеводства мясного направления, в частности стран с развитым овцеводством, а также подчеркнута важность акцентирования достаточного внимания актуальным проблемам развития отечественного овцеводства. Дана краткая характеристика специализированным и зарубежным породам овец мясного направления. На основе анализа научных публикаций и результатов исследований отечественных ученых показаны пути развития данного направления в нашей стране в соответствии со спросом на мировом рынке. Результаты сравнительного анализа показали, что научно-производственные работы по использованию баранов-производителей специализированных мясных пород зарубежной селекции на овцематках товарных стад казахской курдючной грубошерстной породы позволяют повысить мясную продуктивность и качество мяса отечественных генотипов.

Среднесуточный прирост живой массы помесных баранчиков и ярок от рождения до 2,5 месяцев составили 323-369, 306-344 г, а у чистокровных курдючных грубошерстных сверстников – 304-277 г, эти показатели от рождения до 4 месяцев, соответственно, составили 274-300, 261-276 и 270-242 г. Превосходства по живой массе помесных ягнят над чистопородными в 2,5 и 4-х месячных возрастах объясняются проявлением эффекта гетерозиса у первых в молочный период роста и развития.

Ключевые слова: пастбище, овцеводство, селекция, мясная порода овец, мясная продуктивность, качество мяса, скороспелость.

PASTURE RESOURCES OF KAZAKHSTAN AND PROSPECTS FOR THE DEVELOPMENT OF SHEEP BREEDING IN THE MEAT SECTOR

Kenzhebaev T.E.*, Candidate of Agricultural Sciences,
Torekhanov A.A., Doctor of Agricultural Sciences, Professor,
Malmakov N.I., Doctor of Agricultural Sciences,
Meldebekova N.A., Candidate of Agricultural Sciences,
Omashev K.B., Candidate of Agricultural Sciences
Yeszhanova E.B., Candidate of Agricultural Sciences,

*«Kazakh Scientific Research Institute of Animal Husbandry and Feed Production» LLP, Almaty,
Kazakhstan*

Annotation. The article presents information about the land and pasture resources of Kazakhstan,

their zonal features in accordance with natural conditions, as well as effective ways to use this invaluable wealth for the dynamic development of sheep farming.

The analysis of the state of the modern world sheep breeding in the meat sector, in particular in countries with developed sheep breeding, is carried out, and the importance of paying sufficient attention to the urgent problems of the development of domestic sheep breeding is emphasized. A brief description of domestic and foreign sheep breeds of the meat industry is given. Based on the analysis of scientific publications and research results of domestic scientists, the ways of developing this area in our country in accordance with the demand on the world market are shown. The results of the comparative analysis showed that scientific and production work on the use of sheep producers of specialized meat breeds of foreign breeding on sheep of commodity herds of the Kazakh short-tailed coarse-haired breed allows to increase meat productivity and meat quality of domestic genotypes.

The average daily increase in live weight of crossbred sheep and yarok from birth to 2.5 months was 323-369, 306-344 g, and in purebred short-tailed rough-haired peers - 304-277 g, these indicators from birth to 4 months, respectively, amounted to 274-300, 261-276 and 270-242 g. The superiority in live weight of crossbred lambs over purebred lambs at 2.5 and 4 months of age is explained by the manifestation of the heterosis effect in the former during the dairy period of growth and development.

Keywords: pasture, sheep breeding, breeding, meat breed of sheep, meat productivity, meat quality, precocity.